



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 30 БА СП А С Ө 3 - Р Е Л И З І
2011 жылғы 21 қыркүйек

*Монетаның ең үздік дизайнына арналған
конкурс туралы*

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20-жылдығы шеңберінде Қазақстан Ұлттық Банкі еліміздің шығармашылық және мүдделі азаматтары үшін монетаның ең үздік дизайнына арналған «Менің Қазақстаным» тақырыбында ашық Конкурс жариялайды.

Конкурс ұлттық валюта – Теңгенің имиджін нығайтуға бағытталған озық идеяларды іздеу және қолдау көрсету мақсатында ересектер мен балалар арасында, тиісінше, екі – «Халық монетасы» және «Балалар монетасы» номинациялары бойынша өткізіледі.

Конкурсқа арналған өтінімдер мен монеталар дизайнерларының жобаларын құрамына мемлекеттік органдардың, депутат корпусының, қаржы мекемелерінің, шығармашылық зиялы қауымның, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіретін Конкурслық комиссия қарайтын болады.

«Халық монетасы» номинациясында Конкурслық комиссия 20 (жиырма) ең үздік финалға шыққан жобаны іріктеп алады, олар өз кезегінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жоғарыда көрсетілген интернет форумы шеңберінде ашық дауыс беруге шығарылады, онда әрбір ниет білдіруші ұсынылған жұмыстарға өз бағасын бере алады. «Халық монетасы» номинациясында неғұрлым көп дауыс санына ие болған дизайн жобасы көрермендер көзайымы сыйлығын алады.

«Халық монетасы» және «Балалар монетасы» номинацияларындағы жеңімпаздарды Конкурслық комиссия анықтайды. Үздік жұмыстар бағалы сыйлықтармен марапатталатын болады.

Қатысуға арналған өтінімдер мен конкурстық жұмыстар 2011 жылғы 20 қарашаға дейін қағаз тасымалдауышта (конвертке салынған), сол сияқты электрондық тасымалдауышта мына мекенжайда қабылданады: 050040, Алматы қ., Көктем-3 ы/а, 21-үй, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаменті.

Монетаның ең үздік дизайнына арналған конкурс туралы ереже және қатысуға арналған өтінім www.profinance.kz Интернет-ресурсында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Форумында орналастырылған.

Конкурс нәтижелері 2011 жылғы 25 қараша – 5 желтоқсан аралығындағы кезеңде шығарылады.

Толығырақ ақпаратты: +7 (727) 2 596 833, +7 (727) 330 24 52 телефондары бойынша алуға болады; e-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz